



Автор: Мустафина Гулжанат Калкамановна

Пән: Химия

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Атомдар. Молекулалар. Заттар

Тақырып: Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар

Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар	7.1.2.5- протон, электрон,нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын, зарядын білу. • Атом құрамы мен құрылысын оқып үйренеді • Изотоп ұғымын біледі
--	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (3-5 мин)	Ширату тапсырмалары: Сұрақ – жауап әдісі: Атом дегеніміз не? Атом мен молекуланың ұқсастығы мен айырмашылығы неде? Бейнекөрсетілім көрсетіледі. Атомдар мен молекулалар арқылы 3 топқа бөлу. I топқа атомның құрамы мен құрылысын анықтау II топ изотоп туралы мәлімет алу. III топ протон, нейтрон, электрон сандарына есептеулер жүргізу.	Бейнекөрсетілім: https://youtu.be/vndQTPBaCKU
Сабақтың ортасы (33-35 мин)	Таратылған ресурстар бойынша «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы жұмыстанады. ТЖ : I топ постер қорғайды. II топ жұмыс нәтижесін кесте құрастыру арқылы түсіндіреді. (оқулық §7, 7-кесте) III топ изотоптар ұғымын мысалдармен толықтырады. 3 топ бір бірін бағдаршам арқылы бағалайды. Қызыл түс – өте жақсы Сары түс – орташа Жасыл түс – әлі де жұмыстану керек. Ж: Әрбір оқушыға үлестірме материал арқылы тапсырмалар ҚБЖ жинағынан беріледі. Әр қайсысы жұмыс дәптерлеріне орындайды. Тапсырма 1. Берілген суретті зерделей отырып, қандай элементтердің атом құрылысы көрсетілгенін анықтап, химиялық элементтердің таңбаларын және бөлшектердің атын және белгіленуін жазыңыз. А ____ (химиялық элементтің таңбасы) В ____ (химиялық элементтің таңбасы) Бөлшектің белгісі Бөлшектің атауы Таңбасы Дескриптор: • суреттен атом құрылысы бойынша элементті анықтайды; • элементтің таңбасын көрсетеді; • бөлшектің атын атайды; • бөлшектің таңбасын көрсетеді. Сабақ соңында оқушылардың дәптерін жинап алып тексеріп, дискрипторға сәйкес бағаланады.	Модельдер үлгілері Үлестірме материалдар (маркер, флипчарт), бағдаршам
Сабақтың соңы (5 мин)	Кері байланыс: «Блоб ағашы» Рефлексия	